



АЛАТАУ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№44 (106) 31 қазан 2025 жыл

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫ

ҰЛТ АЗАТТЫҒЫНЫҢ БАСТЫ МЕРЕКЕСІ

Қазақ елінің тәуелсіздігіне жол ашқан Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның 35 жылдығына орай Қонаев қаласының орталық алаңында әскери оркестр әуенімен және Қазақстанның халық әртісі Талғат Күзембаевтың орындауында Мемлекеттік Әнұранмен бірге алаң үстінде Мемлекеттік Ту көтеру рәсімі өтті. Бұл - Қазақстанның бай тарихын, оның жетістіктері мен жарқын болашағын еске салатын маңызды әрі рухани мәні зор сәт болды.



Оған облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев, ардагерлер, қаланың алғашқы құрылысшылары, зиялы қауым өкілдері, құқық қорғау органдарының басшылары, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, жастар, жас сарбаздар, спорт, білім, мәдениет салаларының өкілдері, мемлекеттік қызметшілер, депутаттар және басқа да түрлі сала қызметкерлері мен қала тұрғындары қатысты.

Салтанатты рәсімге қатысушыларды Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев құттықтап, Егемендік Декларациясы арқылы әлем картасындағы жаңа мемлекет тәуелсіз Қазақстан Республикасының негізі қаланғанын, осы сәттен бастап, Қазақстан халықаралық қатынастарда бодандықтан құтылған азат ел ретінде басқа елдермен терезесі тең дәрежеде бастау алғанын атап өтті.

«1990 жылдың 25 қазанында Мемлекеттік егемендік туралы Декларация қабылданып, дәл осы күннен тәуелсіздікке бастайтын жол басталды. Бұл күн - барлық қазақстандықтарды біріктіретін, тәуелсіздік пен мемлекеттіліктің символы. Еліміз өр-

кендей берсін, тәуелсіздігіміз мәңгі болсын», - деді облыс басшысы.

Республика күніне орай мемлекеттік қызметшілерді марапаттау шара аясында облыс әкімінің орынбасары Нұржан Құдайбергенов Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Мемлекеттік қызмет ардагері» төсбелгісімен, II дәрежелі «Барыс» орденімен Ақтоғай су электр стансасының бас директоры Тоқтарбек Баймолдаев, «Құрмет» орденімен Қанымжан Сұлтанқұлова, Роза Әбілова, Қуат Байғожаев, Зинаш Көштекова, Бақыт Оңланбекұлы, Қали Сәтбаев, Дінмұхамед Күзиев, III-дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен Кеген ауданы шаруа қожалығының төрағасы Болат Әу молдаев марапатталды.

Сонымен қатар, өңірдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына, денсаулық, білім салаларына үлес қосып жүрген бірқатар еңбек адамдары «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медальдарымен және «Мемлекеттік қызмет ардагері» төсбелгісімен марапатталды. Ел бірлігін нығайтуға қосқан үлесі үшін Ғамза Гейдаров пен Гүлипа Гаипова Қазақстан халқы Ассамблеясы «Бірлік» қоғамдық алтын медалімен марапатталса, Нұрмахамет Әріпов, Мақсат

Сейдалиев, Исмаил Байрамов Мемлекет басшысының Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарын иеленді. Президенттің бастама-сымен тағайындалған «Тәуелсіздік ұрпақтары» өңірлік гранты ғылым, мәдениет, бизнес, IT және медиа салаларында жемісті еңбек етіп жүрген АйзереТалғатқызы, Пернегүл Зикир, Айнура Янбаева, Аружан Жұмағали, Жанерке Төленева, Абухали Хабылбек, Алянура Исадуллаева, Жансая Айдархан, Наргиза Нарұзова, Мөлдір Иманмәди, Нұргүл Өнербекқызына табысталды.

«Ақжауын» оркестрінің көркемдік жетекшісі, Қазақстанның халық әртісі Секен Тұрысбекке ұлттық мәдениетті дамыту мен рухани дәстүрді сақтау ісіне қосқан зор үлесіне көрсетілген құрмет ретінде «Элитстрой» компаниясының вице-президенті Лаура Рисмұхамедова жаңа пәтердің кілтін табыс етті.

Шараның ең әсерлі тұсы, кешке қала аспанын түрлі-түсті шаммен көмкерген дрондар шоуымен басталды. Мұндай шоу Қонаев қаласында алғаш рет өткізілуімен есте қалды. Әуеге көтерілген жүздеген дрон ел тарихы мен өңір ерекшелігін бейнеледі. Қазақстан Туы, киелі домбыра, Алматы облысының нышаны саналатын қар барысы, Алтын адам мен апорт бейнесі, мерекелік құттықтау жазбалары көрермендердің патриоттық сезімін асқақтатты. Шоу соңында алаңға жиналған мыңдаған көрермен көк аспанда дронмен жазылған Әнұран мәтіні мен желбіреген Көк Туға қарап, Әнұранды бірге шырады. Бұл ұлттық мерекенің айшықты қорытындысына айналды.

Заңғар АЛТАЙ.
Қонаев қаласы.



ПРИЗИДИУМ ОТЫРЫСЫ

АЛАДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ ЖОСПАРЫ ТАПҚЫПАНДЫ

Алматы облыстық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің президиум отырысы болып өтті. Күн тәртібінде «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің 2025-2026 жылға арналған жұмыс жоспарымен танысу, оны бекіту, комиссия құрамын бекіту, президиум мүшелеріне өз міндеттерін үлестіру және әртүрлі мәселелер қаралды.

Еске сала кетер жайт, үстіміздегі жылдың қыркүйек айында Қарасай ауданының мәдениет үйінде облыстық ардагерлер ұйымының жанынан құрылған «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің облыстық конференциясында бірлестіктің кеңесі құрылып, оның құра-

мы мен президиум мүшелері сайланып, 4 құрамнан тұратын тұрақты комиссияның нақты бағыты белгіленіп, мақсат қойылған болатын.

Бұл жолғы отырысқа «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалының төрағасы Ерболат Тұрымбетов, филиал төрағасының орынбасары Ілияс Сүгіров, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалының төрағасы Қалдықұл Айсина, ардагерлер ұйымының жауапты хатшысы Зура Нұрпейісова және президиум мүшелері қатысты.

Пленум отырысында облыстық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің 2025-2026 жылға арналған жұмыс жоспарының жоба-

сын Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ерболат Тұрымбетов таныстырып өтті.

«Жұмыс жоспарында тұрақты комиссия әйел азаматтар арасындағы кәсіпкерлікті дамыту, қазақтың ұлттық мәдени дәстүрін дамыту, отбасы мәртебесін көтеру және жасөспірімді тәрбиелеудің үздік тәжірибесін тарату, қыз баланы тәрбиелеуде дәстүрлі қазақ ұстанымдарын дамыту бағыттары бойынша іс-шаралар ұйымдастыру белгіленіп отыр. Өздеріңізге таратылып берілген жұмыс жоспарымен ықтиятты танысып, өз тараптарыңыздан қосымша алып қосар өзгерістеріңіз бен толықтыруларыңыз, ұсыныстарыңыз болса, жолдаңыздар. Ақылдаса отырып жылдық жоспарымызды толықтырайық», - деді кеңес төрағасы Ерболат Сапарұлы.

Бірлестіктің жобасында «Азаматтық қоғамды нығайтудағы үкіметтік емес ұйымдардың рөлі», «Дәстүр мен ғұрып», «Ақ орамал-асыл ананың аманаты», «Ұлттық колонер-бабалар мұрасы», «Берекелі отбасы», «Қыз тәрбиесі-ел болашағы», «Ана қолы-мейірім мен махаббаттың символы», «Абысын тату болса, ас көп» сынды мазмұнға бай іс-шаралар мен байқаулар ұйымдастыру қарастырылған.

Пленум соңында президиум мүшелері облыстық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің логотипін ойластырып, Instagram парақшасын ашу керектігі туралы ұсыныстарын білдірді.

Өз тілшіміз.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

АРДАГЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Республика күні мерекесімен қарсаңында Ел Президенті Қ.Тоқаевтың жарлығымен Алматы облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Ілияс Сейтбекұлы Сүгіров «Құрмет» орденімен, Қарасай аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сағат Ұлтарақұлы Мәсімақынов «Ерен еңбегі үшін» медаль мен марапатталды. Мемлекеттік марапаттарға құтты болсын құрметті ардагерлер!



Ілияс Сейтбекұлы
СҮГІРОВ
- Алматы облыстық ардагерлер
кеңесі төрағасының орынбасары



Сағат Ұлтарақұлы
МӘСІМАҚЫНОВ
- Қарасай аудандық ардагерлер
кеңесі төрағасы

БАСПАСОЗ-2026

Құрметті Оқырман!

Облыс ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйгіштікке, сажандылыққа, имандылық пен ибалыққа тәрбиелеу бағытындағы жүзеге асырған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алатау ардагері» атты газет өмірге жол тартты. Ардагерлердің тол басылымына қолдау көрсетеміз десеңіздер «Алатау ардагері» газетіне жазылыңыз!

Бір жылға жазылу бағасы -
6371,52 теңге

Алты айға жазылу бағасы -
3185,76 теңге

Индексі: **65472**

АРМАНЫ АСҚАҚ АҚСАҚАЛ

Бүгінгі күні қыркыншы жылдардың тумалары көз алдымызға көненің көз-деріндей болып әдемі әсер қалдырады. Әсіресе, қанды балақ соғыстың басынан аяғына дейін дүниеге келген перзенттердің де санасында сәулесі бар азаматтар болғанын тарих тарауларынан жақсы білеміз. Олар соғысты көрмесе де балалық шақтарынан соғыстан кейінгі бейбіт өмірге белсене атсалысқан ұрпақтар екенін еске алудың өзі бір-ғанибет. Қазіргі арамыздағы аға буын да солар болып саналады.

Осындайда соңғы жылдары жиі көріп жүретін, әрі бір салада тізе қосып бірге қызмет атқаратын ақ самайлы ақсақал ойыма орала береді. Мына өмірде жаратылысы бөлек жандар болады ғой. Ол кісіні мен сондай жандардың қатарына жатқызып жүремін. Шындығы да солай деп түйін жасаймын. Олай дейтінім, шынашақтай ақсақал қашан болсын қарапайым қалпынан айнымайды. 83 жастың сеңгірінде жүрсе де сергектігінен жаңылып көрген емес. Атқарып жүрген қызметі көк тиын төлемейтін қоғамдық негіздегі жұмыс болса да, оған олқысына қараған жерін көрген емеспіз. Оның көзінің ашық, көкірегінің ояу жүретіндігі, тәртіп пен реттілікке шаң жуытпай қарайтындығы артынан ерген өкше басар інілері біздерге үлкен бір мектеп сияқты. Сондықтан да оның ұқыптылығы мен құнттылығынан үйренгіміз келіп тұрады.

Енді тілімізге тиек етіп отырған сол кейпкеріміздің артта қалған өмір өткелдеріне көз жүгіртіп көрейікші. Атап айтар болсақ, Леміс Әбдікерімов 1942 жылдың 1 мамырында Кеген ауданының Тоғызбұлақ ауылында дүниеге келген екен. Жау жағадан алып, қан майданның қатты қарқын алған кезін қызыл шақа сәби қайдан білсін. Таңдайына талшық тисе маз болып, жоқ болса, шырылдап жылағаны бесенеден белгілі жәйт екені, соғыс лаңынан болғаны бізге мәлім. Қыркыншы жылдардың қияметі қандай болғанын Мұқағали ақын көз алдымызға отты өлеңдерімен, кең тынысты толғауларымен алдымызға көлденең тартты емес пе?!

Леміс ағаның 8 жасында бала болса да айналасына өзіндік көзқарасымен қарайтын шағы еді. Өмірге деген алғашқы қадамын да әлі ұмыта қоймаған. Сол 1950 жылы осы жасында Сталин атындағы жеті жылдық мектептің бірінші сыныбына қабылданады. Ал 1960 жылы аудандағы «Жаланащ» орта мектебін интернатта жатып бітіріп шығады. Мектеп бітіргеннен кейінгі Леміс ағаның білімін одан әрі шындай түсуге деген алдына қойған мақсаты да алынбас асқар таудай қол бұлғап тұрады. Сөйтіп, Абай атындағы мемлекеттік институтқа құжат тапсыруға нартәуекел жасайды. Бірақ, сол кездегі оқудағы заңның қаталдығы оның адымын аштырмайды. Оның өзіндік себебі де бар. Ол уақытта мектеп бітірген жас түлек оқуға түсу үшін міндетті түрде екі жылдық өндірістік тәжірибеден өтіп келуі керек. Мектепті жаңа бітірген Леміс ағада ондай қол жетпес еңбек көрсеткіші қайдан болсын?!

Алайда, ол жолым болмады ғой деп, салы суға кетіп, талабы шағылып кеткеніне өкіне қойған жоқ. Қайта жастық жалынымен қанаттанып, қайратына мініп, сол институттың география факультетіне сырттай түсіп үлгереді. Сол бір кезеңде ауыл мектептерінде мұғалімнің жетіспейтіндігі үлкен проблемаға айналып жатқан шағы еді. Институт емес, қысқа мерзімді курстарды бітіргендердің өзі мектептерде басты тұлғаға айналып жүрді. Аудандық оқу бөлімі институтқа сырттай түсіп келген Леміс Әбдікерімовті қуана қабылдап, «Қызыл ту» ауылындағы бастауыш мектепке мұғалім етіп жібереді.

Бара-бара толыққанды білім алып, оқу-ағарту саласынан ауыз толтырып айтарлықтай тәжірибе жинақтаған Лекеннің ел сүйсініп жүрген елеулі еңбегіне аудандық білім бөліміндегі басшылық тарапы да құлақ аса



бастайды. Оның білімдарлығы мен іскерлігіне баса мән беріп, назарларынан тыс қалдырмайды. Оған сенім артса да, сеніп артып, көздеген жерлеріне жіберіп отырады. Бұған ол да жүрдім-бардым қарай алмайды. Артылған сенімді ақтау жолында жауапкершілікті терең сезініп, сенім биігінен көріну үшін аянбайды. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген қанатты қағиданың жетегінде жан-тәнімен жүреді.

Адамгершілік асыл қасиеттерінің арқасында жай мұғалімдіктен бастауыш мектептің оқу-тәрбие ісінің меңгерушілігіне дейін көтерілген Леміс ағамыз осы бастауыш мектептің сегіз жылдық және орта мектепке айналғанына дейін тұрақты түрде бас алмай жұмыс істейді. Өмір бір орнында тұрмайды ғой. Ұлағатты ұстаз ретінде партия қатарына қабылданғаннан кейін Алматы облыстық партия комитеті жанындағы Марксизм-Ленинизм университетін сырттай оқып бітіруге қол жеткізеді. «Саяси жоғары білімді» деген диплом алады. Саяси сауаттылығының өз дәрежесінде болғандығынан шығар, 1968 жылы аудандық партия клмитетіне нұсқаушылыққа шақырылады. Осы қызметте жүргенінде екі жылдан кейін Ленин атындағы орта мектептің директорығына тағайындалады.

Партиялық жұмыстың және оқу-ағарту саласының әдістері мен тәсілдерін бес сауағындай жетік білетін онымен таласар адам болмайды. Үш жылдан кейін білім сапасы талап деңгейінде емес деген Жайдақбұлақ орта мектебіне диреторлыққа жіберіледі. 12 жыл бойы осы мектепті басқарған Лекен артылған сенімді абыроймен орындайды. Мектептің материалдық-техникалық базасы мен оқу-тәрбие жұмыстарын заман ағымына сай ретке келтіріп, ауызға алынып жүрген мақтаулы мектептердің қатарына қосады. Осы деңгейге жету барысында табан ет, маңдай терімен, ұстаз деген ұлағатты атына сай ұятымен барын салады. Бұл бағытта жемісті жетістікке жеткен мектептің абыройы оның да мәртебесін биіктете түседі. Халық алдында адал еңбегімен абырой арқалаған Лекен бұған асып-тасып кетпейді. Сары алтындай салмақты қалпының шеңберінен шықпайды.

Өмір болған соң адам баласының басында өзгерістер де болмай тұрмайды ғой. Мұндай кезеңді Леміс ағамыз да басынан кешті. 1985 жылы отбасылық жағдайға орай Қа-

расай өңірінің Райымбек ауылына қоныс аударады. Бұл жерде де қол қусырып қарап отырмайды. Кенен Әзірбаев атындағы орта мектепке мұғалім болып орналасады. Кеген топырағында 25 жыл ұстаздық, директорлық қызметте болған оны бұл мектептің ұжымы құшақ жая қарсы алады. Осы мектепте жүріп мұғалімдікпен қоса директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлығын да мінсіз атқара біледі. Қай жерде болмасын «өзі жақсы адамға бір кісілік орын бар» деген аталы сөз тегін айтылмаса керек. Леміс ағамыз соған лайықты азамат болып шықты. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де 5 жыл ұстаздықтан қол үзбейді. Оның осы мектепте 25 жыл еңбек етуінің өзі де бір ерлікке пара-пар десе де болады. Кеген мен Қарасайдағы еңбек өтілін қосып жіберсек, 50 жыл ұстаздық етіпті. Жарты ғасыр жалықпай ұрпақ тәрбиесінде болған адамды қалай мақтан етіп, қалай мадақтаса да жарасады.

Леміс Әбдікерімов содан бері Бұлақты ауылында тұрып келеді. 2000 жылдан бері осы ауылда ақсақалдар алқасы төрағасының орынбасары болса, кейіндеп төрағасы болады. Ал, 2019 жылдан бері Райымбек ауылдық округі ақсақалдар алқасының төрағасы қызметінде. Көкірегіне түйгені көп Леміс ақсақал ауылының көркеюіне, мәдениетіне, тазалығына, ауыл тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының жақсаруына жаны қалмай жүреді. Халық үшін қандай қажеттілік болса да оны орындауға және қамтамасыз етуге уақытында тиісті орындарға шығып отырады. Халық сол үшін де оны сыйлап, құрметтеп, төбелеріне көтеріп келеді.

Мәселен, ауылға газ құбырын жүргізуге, электр жүйелерін жаңартуға, почта бөлімшесін аштыруға тікелей бастамашы болып, осыларды жеріне жеткізіп тындырады. Сондай-ақ, Бұлақты ауылына қарасты зираттың жауапкершілігін ауыл әкімі мен ақсақалдар алқасы Леміс Әбдікерімовке жүктеп берген еді. Көп жылдан бері қоршалмай, аяқасты болып, тұрғындар үйден шыққан қоқыстарын зират маңына төгіп, өлген малдарына дейін осында әкеліп тастайтын. Бұл сорақылыққа тосқауыл қоюды дер мезгілінде қолына алды. Одан жақсы нәтиже шығарды.

Дереу тиісті іс-шараларды ұйымдастырып, бірден іске көшті. Халықтан 5-6 миллион мөлшерінде қаражат жинастырып, зиратты айналдыра түгел қоршап, 3 жерден көліктер кіретін қақпа, 5 жерден адамдар кіріп-шығатын есіктер жасап қояды. Бүгінгі күні жаңбырлы күндері көліктер тығылып қалмау үшін тас төселу үстінде. Сол сияқты тұрмыстары төмен жесірлер мен жетімдер қажетті қамқорлықпен қамтамасыз етіліп жатқаны да-қуанышты жай. Биылдың өзінде 630 мың теңгеге оқушыларға мектепке киетін киім-кешектер алынып берілген. Бұған демеушілер қол ұшын беріп отырады.

Бұдан бұрын ауылдағы мектептің ауласы қоршалмағандықтың салдарынан мал кіріп, ластап, отырғызған ағаштарын сындырып, гүлдерін таптап тастайтын. Леміс ақсақал бұл шаруаның да жолын табады. Өзінің көршісі, кәсіпкер Күнсұлу Иманғалиева мен басқа демеушілердің арқасында мектеп ауласы қоршалып, қалыпқа келтіріледі. Тағы бір айта кететін жәйт, ауылда мешіт болмаған. Халық қатты қиналып жүргенде, Қызылордадан көшіп келген Тұрсынхан Әбдіғпаров қажы 15 сотық жерін мешітке тегін беріп, оған Марат деген кәсіпкер демеушілік жасап, бір жылда «Әйкен ана» мешіті салынады. Оның жанынан 150 орынды хатымхана да жасалып, екеуінің ел игілігіне жарап жатқанына биыл бесінші жыл. Бұған да Лекеннің айтарлықтай ықпалы тиді.

Ауылға мектеп салуға ауыл, аудан әкімдері

жер тауып бере алмағандықтан ақсақалдар алқасы республикалық «Табиғатты қорғау» ұйымының басшысы Меліс Елеусізовке шығып, 3 гектар жер алып беріп, қазір ауылдан 900 орындықты жаңа жобадағы мектеп құрылысы қызу жүріп жатыр. Бұл мектеп Тәуелсіздік күнінің құрметіне қарай пайдалануға беріледі деп күтілуде. Бұған дейін тұрғын үй есебінен салынған шағын бастауыш мектепте оқушылар үш ауысымда оқып келе жатыр еді Міне, енді Алла қаласа жаңа мектеп жас ұрпақтың игілігіне айналғалы отыр.

Леміс ақсақалдың және ауылдық аналар ұйымының төрайымы Фатима Үрпесжанованың ұйымдастыруымен құрылған «Дариға-ай - дәурен» ансамблінің өрге жүзген өнерлерін облыс көлемінде білмейтін адам жоқ. Оның құрылғанына 3 жылға жуықтап қалды. Құрамы 25 адамды қамтиды. Шеттерінен ұлттық аспаптарды ойнаудың шеберлері. Олардың әрқайсысы әуелете ән салудың, күмбірлете күй тартудың, мың бұрала билеудің нақышын тауып кетеді. Олар алдарына жан салмайды. Қазақтың атақты әншісі Ақбота Керімбекованың анасы Бибіажар Маханбетова-70 жастан асса да таңдайына бұлбұл ұялаған керемет те келісті әнші. Сахнаның сәніне айналған талант иесі.

Сол сияқты соңғы жылдары Ғабит Мүсірепов атындағы жасөспірімдер театрында директордың орынбасары болған, Қазақстан өнерінің қайраткері Серік Омаров та-осы ансамбльдің белді мүшесі. Ал қазақтың «Қара жорға» биін алғаш рет әлемге танытқан, 86 жастағы буыны жоқ биші Арыстан қажы да-осы ансамбльдің жарқыраған жұлдызы. Ал ұлттық салт-дәстүрімізді өнерлерімен өрге көтерген ауылдың әжелер ансамблін де білмейтіндер кемде-кем. Өнер байқауында Гран-приді жеңіп алған бұл ансамбль аудандағы «Анаға құрмет» мұражайына сапарлап келген шетелдік қонақтарға үнемі өнерлерін көрсетіп, солардың қошеметіне бөленіп жүр. Осының бәріне мұрындық болып жүрген ақсақалдар алқасының төрағасы Леміс Әбдікерімов пен аналар кеңесінің төрайымы Фатима Үрпесжанова екенін қалың қауым ауыздарынан тастамай айтып жүреді.

Бақытты отбасының бас иесі, өмір жолы өнегеден тұратын, ақсақал деген ардақты атты арқалап жүрген Леміс Әбдікерімовтің адалдықпен атқарған жемісті еңбегі ешқашан да елеусіз қалмаған. Қызмет істеген жерлерінен алған мақтау қағаздары мен Алғыс хаттарының өзі қалың бір папка боларлық. Сол сияқты Лениннің 100 жылдық мерекелік және «Бейбітшілік әлемі» халықаралық Қазақ творчестволық бірлестігінің «Ел ардақтысы», «Құрметті ұстаз», «Батыр шапағаты», Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин атындағы мерекелік медальдармен марапатталған. Бірнеше мәрте ауылдың Кеңестің депутаты болып сайланған. Қарасай ауданының Құрметті азаматы атағының иегері. Тізбелеп айта берсе Лекен ақсақалдың көрген сый мен құрметі жетерлік. Арманы асқақ ақсақалдың 83 жастағы сергектігіне қызыға қарайсың. Артынан ерген ізбасарларына, жас ұрпаққа үлгі болып жүрген ақ жүректі оның арманы таусылмайды. Мен Леміс Әбдікерімов ақсақалға деген ниетім мен тілеуімді өлең шумақтарымен аяқтағым келеді:

Кегеніңнің жұттың ауа, ырысын,
Ашылды ғой содан барып тынысың.
Жарты ғасыр ұстаз болдың ұрпаққа,
Ел мақтаған ерлерінің бірісін...

Ақсақалдық жаста жүрсің алқынбай,
Қарасайда қадірің бар алтындай...
Леміс көке, алға қарай жүре бер,
Қадамыңнан қарқын алған тартынбай!

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Қазақ журналистикасының қайраткері.
Қарасай ауданы.

ЕҢБЕГІ ЕЛЕНДІ

Жуырда «Аңшылық шаруашылығы қызметкерлерінің күніне» орай Жамбыл ауылының азаматы «Шиндал-Сан» ЖШС-нің Байыңқол аңшылық шаруашылығының анттанушысы Жеңіс Құрамаев Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Жануарлар дүниесін қорғаудағы мінсіз қызметі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Ж.Ерланұлы орта мектепті бітіргеннен кейін Қазақ ұлттық аграрлық университетінің анттану және мал шаруашылығы факультетіне оқуға түсіп, 2008 жылы аңшы биологиясы мамандығы бойынша бітірді. Оқу орнын бітірген соң «Шиндал-Сан» ЖШС-не Байыңқол аңшылық шаруашылығына аңшы болып жұмысқа қабылданды. Жұмыс барысында жан-жануарлар әлемін қорғау және

аңшылық ресурстарды ұтымды пайдалану саласында терең білімі бар, өзін жауапты, тәртіпті, жоғары білікті маман ретінде көрсете білді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Зоология институтының қызметкерлерімен бірлесе отырып, жойылып кету қаупі төнген түрлердің ғылыми зерттеулерімен және популяциясының мониторингімен айналысады.



Жеңіс Ерланұлы Қазақстандағы аңшылық пен экотуризмді дамытуға зор үлес қосуда. Ол 17 жыл бойы халықаралық аңшылық туристер мен

трофейлік аңшылықтарды жоғары деңгейде белсенді түрде бағыттап, рекордтық нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Ол бүкіл әлем бойынша трофей іздеушілер арасында жоғары білікті гид ретінде танымал. АҚШ-тың Даллас Сафари клубының Сібір тоғысының трофейі бойынша кеңесшісі. Оның белсенді жұмысы мен жеке үлесінің арқасында аңшылық алқаптарды қорғаудың тиімділігі айтарлықтай артып, аңшылықты пайдаланушылармен және жергілікті қоғамдастықтармен қоршаған ортаны сақтау мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жақсарды. Адал еңбегі, жоғары кәсіпқойлығы, жануарлар дүниесін сақтау мен ұтымды пайдалануға қосқан үлесі ескерусіз қалмады.

Дастан ҚАСЕНҰЛЫ,
Райымбек ауданы

● ЗАМАННЫҢ ЗАҢҒАРЫ

Заңғар тұлғаға лайықты құрмет

Мемлекет және қоғам қайраткері, елінің елеулі тұлғасы, халық перзенті Заманбек Нұрқаділовтің есімі ел жадында алтын әріппен жазылған. Саясаткер, Кеген орта мектебінің 1951-1961 жылғы түлегі, Алматы қаласының әкімі, Алматы облысының әкімі, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің 2 дүркін депутаты, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Заманбек Нұрқаділов-Кеген өңірінің тумасы. Қарапайым ауылдан шыққан арда азаматтың туған топыраққа сіңірген еңбегі мен ел алдындағы абырой-беделі-тарихтың өзі бағалайтын құндылық. Жұырда осынау заңғар тұлғаның құрметіне орай Кеген ауданында тағылымды шара өтті.

Кеген ауылындағы өзі оқыған Кеген орта мектеп қабырғасына ор-



натылған мемориалды тақтаның салтанатты ашылуы ұрпақтар сабақтастығы мен тарихи жадыны жаңғыртудың жарқын көрінісі болды. Бұл бастаманы 1982 жылғы мектеп түлектері қолға алып, Заманбек Қалабайұлының жарқын бейнесі мен өмір жолын кейінгі жас ұрпаққа өнеге ету ниетімен іске асырды.

Салтанатты шара Заманбек Нұрқаділов атындағы өнер мектебі алдындағы ескерткіш бюстіне гүл шоқтарын қою рәсімінен бастал-



ды. Келген қонақтар мен аудан басшылығы өнер мектебінің ішін аралап, арнайы ұйымдастырылған музей экспозициясымен танысты. Бұл музей тұлғаның өмірі мен қызмет жолынан сыр шертетін тарихи естеліктерге толы.

Шара одан әрі Әжек Жаңабаев атындағы мектепте жалғасты. Аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев құттықтау сөз сөйлеп: «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан кемегерді», – деп Лияс Жансүгіровтің

ұлағатты өлеңін мысалға келтіріп, Заманбек Қалабайұлына көрсетілген бұл құрметтің маңыздылығына тоқталды.

Мемориалдың ашылу рәсімінде сөз алған ақын, драматург, мемлекет және қоғам қайраткері, Алматы облысының Құрметті азаматы Нұрлан Оразалин, қоғам қайраткері, Алматы облысының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының Құрметті құрылысшысы Стақан Белғожаев, сондай-ақ шараны ұйымдастырушы

түлектер атынан Гүлнар Таударбекова тұлғаның ел алдындағы қызметі мен ерлікке толы өмір жолын тебірене жеткізді.

Заманбек Нұрқаділов – еліміздегі ірі құрылыс жобаларына жетекшілік еткен, Алматы қаласының гүлденуіне елеулі үлес қосқан, халықтың мүддесін биік қойған тұлға. Оның есімі-әділдік пен батылдықтың символы. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ел дамуының күрделі сәттерінде ел игілігі үшін шешуші бастамаларды көтеріп, олардың жүзеге асуына ұйытқы болған қайраткерлердің бірі болды. Ұлттың болашағы үшін, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезініп, елі үшін аянбай еңбек етті. Сол себепті де оның атын ардақтау – елге, жерге, әділдікке деген құрмет.

Бүгінгі жас ұрпақ осындай ерен ерлердің өнегесімен өсіп, елге қызмет етудің маңызын ұғынады. Мемориал тек ескерткіш емес, ұлт санасына ұялайтын тағылымның айғағы болмақ.

Қоғамға үлгі, ұрпаққа мұра болған Заманбек Нұрқаділов есімі ел жадында мәңгі сақталмақ.

Лаура МҰХАМЕТҚАЛИ.
Кеген ауданы

● «ЖАНСАРАЙ» СЫРЛАСУ КЛУБЫ

ҒАЛЫМ ЖОЛЫ-ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

«Жансарай» сырласу клубы өз жұмысын одан әрі жалғастыруда. Оның үшінші қонағы-Қазақстан Республикасы Гуманитарлық Академиясының академигі. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы, тоқсанның тұғырына көтерілген Жолмұқан ТҮРІКПЕНҰЛЫ. Әңгіме өзегі ғылым, дін және жас ұрпақ төңірегінде болмақ.

- Алла өзіңізге жар болып, тоқсанның тұғырына көтерілген екенсіз. Ұзақ жасауыңыздың сыры неде екен?

- Ұзақ жасаудың екі жағы бар. Оның бірі-физиологиялық жағы. Өзіңді өзің құту, тазалықта болу, тамақ ішу режимі, ішкен тамағыңның калориясы, адам организміне берер витаминдері дұрыс болуы. Екінші жағы-дұрыс ортада дұрыс психологиялық жағдайдың болуы. Қазақша айтсақ, адамның көңіл күйінің дұрыс болуы. Денсаулығың соған да көп байланысты. Зерттеулерге сүйенсек, Кавказ халықтары көп өмір сүреді екен. Оның біз үшін көрінетін елеусіздеу дүниесі олар карт адамдарын қатты құрметтейтін көрінісін екен. Демек, қоршаған ортасы ол адамға психологиялық жақсы жағдай тудырып тұр деген сөз. Адамға жылы сөйлесең, оның жақсы адам екенін білдіріп тұрсаң, жаның жадырамай ма? «Жақсы сөз-жарым ырыс» деген атадан қалған сөз тегін айтылмаса керек.

- Ендігі әңгімені өміріңіздің бастауынан бастайық. Бала кезіңізде ғылымға қызығушылық қалай оянды? Ғылымға бет бұруыңызға не себеп болды?

- Мұғалімдер отбасында өмір сүрдім. Әкем, екі әпкем ұстаз болған еді. Солардың әсері болды ма, өмірімді мұғалімдікпен байланыстыруды жөн көрдім. Қазақ университетін бітірген соң мектепте жұмыс істедім. Балалардың оқуы, тәрбиесі деген дүниелер мені баурап алды да кейінгі бағытым таза осы жолға бағытталып кетті. Осы жолда ғылыми еңбек жазумен айналыстым да таза ғылым жолына түскендеймін.

- Алғашқы ғылыми еңбегіңіз қандай тақырыпта болды? Сол жұмысты жазған сәттер есіңізде ме?

- Негізгі мені қызықтырған тақырып балаларды еңбекке тәрбиелеу, олардың өз өмірлік жолдарын дұрыс тандауы бағыты болды. Ұстаздарым маған осы тақырыпты ұсынды. Сол тақырыптың соңына түскен мен біраз жылдар зерттеу жұмыстарын жүргізіп, содан әжептеуір дүние шығарғандаймын.

- Өмір бойы жасаған ең үлкен ғылыми жетістігіңізді қалай бағалайсыз? Қайсысы сіздің жүрегіңізге ерекше жақын?

- Мен бала бақшадан бастау алған бала тәрбиесінің барлық сатысынан өтіппін. Бастауыш кластың мұғалімі, пионерлердің жетекшісі, мектепте, колледжде мұғалім болдым. Жоғары оқу орнында ұстаздық еттім. Жас ұрпақтың тәрбиесі менің ғылым жолымдағы темірқазық жұлдыздай болғаны анық. Осы бағыттағы жасаған, зерттеген дүниелерім көп. Осы тақырып аясында үлкенді, кішілі елуден аса еңбек жазыппын. Барлық еңбектерімді ғылыми жетістігім санаймын. Бәрі де жүрегіме етене жақын.

Ғылымда мен ашқан дүние жоқ емес, бар. Олар ары қарай дамымай, бір орнында қалып қалмауы тиіс. Ғылым-белгілі бір объектіні зерттеген үстіне зерттеуді қажет ететін сала. Менің үлкен жетістігім-артымда ізімді қуар, өзім ашқан дүниені ары қарай зерттейтін шәкірттер даярлағаным. Олар барда менің еңбегім де өшпек емес.

- Ғылыми жолда қиындықтар болды ма? Оларды қалай жеңдіңіз?

- Ғылымның жолына түсу өте ауыр. Инемен құдық қазғандай. Шыдамдылықты, білімдарлықты, маңдай тердің төгілуін, көз майдың таусылуын қажет етеді. Мұны ғылым жолына алғаш түскенімде ұстаздарым ескерткен болатын. Олар айтқандай, расында қиындықтар көп болды. Олардың қатарында жұмыстың қиындығы, отбасының тұрмыстық жағдайы, қоғамдағы мұғалімге деген көзқарас өз салқы-

нын тигізбей қойған жоқ. Менің осындай қиындықтарға қайсарлығымды қарсы қоюым, оларды жеңуім, алға тартқан дүнием болашаққа деген үміт, сенім болды.

- Ғылым жолында пір тұтқан ұстаздарыңыз болды ма?

- Өрине болды. Ғылым жолына түспей тұрған кезде мектеп директоры болған Қойлыбаев деген азаматтың көп жақсылығын көрдім. Қала мектебінде директор болған Кенжеәлі Айманов деген азаматтың да мен үшін орны бөлек. Ғылым жолында жүргенімде арбаның алдыңғы дөңгелегіндей болып, алдымда Төлеген Тәжібаев, Қали Билялов, Сәлкен Балаубаев, Темірболат Сәрсенов секілді ірі тұлғалардың болғанын мақтанышып айтатын. Мен ғылым жолында жеткен жетістіктерім болса, ең алдымен мені арқамнан қағып, маған әкем орнына әке болып, үйсіз, күйсіз жүргенімде маған тұрмыстық жағдайымды жасап, жол көрсеткен солардың арқасы деп сезінемін. Олардың қамқорлығын көп көрдім. Дінмұхамед Қонаев ағамыздың да үйінде болып, ақылын естідім. Асанбай Асқаров ағамыздың да қамқорлығын көрдім. Бұлардың бәрін ғылым жолында ғана емес, өмірдегі де ұстаздарым санаймын. Ел қатарында жүргенім сол кісілердің арқасы деп білем.

- Жалпы, ғалым болу үшін ең басты қасиет не деп ойлайсыз?

- Ғылымға шыдамдылық пен адалдық керек. Ғылымда жалғандық жүрмейді. Ізденісін таза болса ғана нәтиже береді. Ғалым ғылымда қай кезде жақсы нәтижеге жете алады? Қызығушылығы болған кезде. Ол болмаса ғылым асау аттай жігерінді құм етіп, сені жолда қалдырады. Ғылымның шыңына шығу үшін кейде бүкіл құмырыңды арнауға тура келеді. Ғылым деген-аузында үлкен құлпы бар сырсаңдық. Ғылымға шын көңілімен келмегендерге қақпағын ашқыза бермейді.

- Қазіргі нарық жағдайында жастардың ғылымға көзқарасын қалай бағалайсыз?

- Біз-кешегі социалистік қоғамдық формацияны көрген адамдармыз. Оның бір қателігі-инкубатордан шыққан балапандай бәрі бірдей болу керектігі. Ол қағида дұрыс емес екен. Қандай жағдай болмаса да әр адамның өз ерекшелігі болады екен. Нарықтық экономиканың ерекшелігі сол, әркім өзін өзі көрсете алады. Бұрынғыдай «Тамақ байдан, ажал Құдайдан» деген, болмаса «Үкімет өлтірмейді» деген қағидамен өмір сүрмейді. Кім несімен ерекше, неге қабылетті, соны көрсететін уақыт жеткен секілді. Нарық жағдайында әркім өз нанын өзі тауып жатқаны анық. Соның ішінде таза ғылымға мән беріп, соны өмірлеріне серік етіп келе жатқан көптеген жастарымыздың ғылымға көзқарасы дұрыс қалыптасып келе жатыр.

- Бүгінгі ғылым мен сіздің жастық шағыңыздағы ғылымның айырмашылығы бар ма? Болса, қандай?

- Айырмашылық көп, әрине. Бізде интернет деген жоқ еді. Оның не екенін де білмедік. Керекті кітабымызды табу үшін айлап жүріп іздедік. Қазіргі технологияның, цифрландыру дәуірінде зерттеймін, ізденем деп, ғылым жолына түскен жастарымызға мүмкіндік деген мол. Тек ерінбесе болғаны. Бірақ мүмкіндік мол болған сайын жауапкершіліктің де арттары анық.

Қазіргі Қазақстанның жоғары білімінде бакалавриат, магистр, докторантура деген дүниелер пайда болды. Онда оқытындар белгілі бір тақырыпта ғана өзінің диплом жұмысын қорғайды. Сонымен шектеледі. Олар таза ғылыммен айналыспайды, ғылым жасай алмайды. Осы сатылы жүйе өз өзін ақтамайтын секілді. Ғылым канди-



даттары мен ғылым докторлары секілді ғылым негізін жасай алмайтындықтан олардан келер пайда жоқ сияқты.

- Ғылым мен білімді қоғамның ілгері дамуында қозғаушы күш деп жатамыз. Ғылыми мен білімі дамыған Жапония, Корея, Германия секілді елдер ілгері дамып кетті. Қазақстан ғылымының болашағына қатысты пікіріңіз қандай?

- Мемлекеттік ғылымның дамуы қиын жағдайда тұр. Ғылыми дамыған елде технология да дамиды. Ол елде ұшақ, автокөлік, су жолы көлігі дейсіз бе, өнеркәсіп индустриясы пайда болады. Ғылыми дамымаған біздің ел сияқты ел шикізат көзі болып, басқа елдің технологиясына тәуелді болып қалады. Сіз сөз еткен жоғарыдағы мемлекеттер неге ілгері дамып кетті? Білімі мен ғылымы бірінші орында тұрған соң. Оған мемлекеттік көзқарас болған соң.

Несін айтайық, әлі күнге дейін Ғылым Академиясы қазақ ғылымының бүгіні мен ертеңіне толық жауап бере алмайтын халде. Ғылымды жастардың қолына беру баяу жүруде. Әлі күнге дейін Академия басында зейнет жасындағы ардагерлер отыр. Олар не береді дейсіз мемлекетке?

Ғылымда да ұрпақ жалғастығы секілді ғалымдардың жалғастығы, соған сай ғылым жалғастығы болуы керек. Осы мәселеге ғылым министрі үлкен ұлттық патриотизммен, жанышарлықпен келіп, бәрін қол астына алып, реформа жасауы керек. Біз қай мемлекеттен кембіз? Білім мен ғылымды индустриалды өнеркәсіптің дамуына бағыттау керек. Жаңа велосипед ойлап тапса да өнертапқыш жаңашыл ғалымдарды мемлекет болып моральды, материалды қолдау керек.

Қазақстан ғылымы дамуы керек, дамиды да. Қай кезде дамиды? Оның дамуы мемлекеттік саясаттың өзегі, іргетасы болған кезде. Білімі мен ғылымы дамыған ел өркениеттің алдыңғы көшінде болады. Ол экономиканың өркендеуіне жол ашады. Мемлекет ғылымның дамуына жағдай жасау керек. Сол ғылымның озық түрлерін жарыққа шығаратын оқымысты, дарынды жастар болғандықтан ең бірінші кезекте оған олардың ынтасы қажет. Өйткені сол ғылымды ары қарай дамытатын терең білімді жастар. Қоммақты қаржы табам деп, нарықтың тізгінін ұстауды тәуір көретін жастарымыз жоқ емес. Алайда, ғылым дамымай прогресс болмайды. Осыны ұғып, білім жолын тандаған жастарымызға айтарым жеңіл жол іздемей, сабырлы болып, терең білімге ұмтылу.

Болашағымыз - шәкірттерімізде. Ұлттық ғылымды дамыту үшін тек құрал-жабдық емес, рухты ұрпақ керек. Ол жолдағы жастарға айтарым «Сенің идеяң-ертеңгі өркениеттің іргетасы.»

- Өмір бойы ұстанған басты қағидаңыз, credoңыз қандай болды?

- Басты қағидам-адамгершіліктің туын түсірмеу. Кісілігінді кішілікпен көрсету. Одан кейін «Білгенінді үйрет, үйренгенінді жетілдір». «Әрбір кішігірім ізденіс-жалпы адамзат үшін үлкен қазына». Ғылым-бұл менің емес, бәрімізге ортақ кемегерлік жол. Ғалымдық жолды тандаған соң өмір бойы ұстанған қағидам осы болды.

- Өмір жолыңызда жан жарыңыздан айрылып, шиеттей жас бүлдіршіндермен жалғыз қалған екенсіз. Таза ғылым жолында жүрген сізге оларға көңіл бөлу қиынға соқпады ма?

- Алланың маған берген сынағы шығар, жеке өмірім трагедиямен өтті. Жолдасымнан ерте айрылдым. Науқастанып бір жыл жатты да, ана дүние есігін ашып кетті. Артында алты жасар қызым, төрт және бір жастан асқан екі ұлым қалды. Жұмысым да жүруі керек, бала-шағама да қарамасам болмайды. Екі жаққа бөлінген жүрегім ол жылдарда қарс айрылғандай жағдайда еді. Балаларыммен бірге мен де тірі жетімнің күйін кештім. Жаны пейіштің төрінде болғыр анам болмаса жағдайым қалай болар еді деп бүгінгі күн биігінен ойланам. Анам болмаса мүмкін балаларым үшін ғылымды тастар ма едім деймін кейде. Адамға анадан жақын, сенің жағдайыңды одан артық түсінер жан жоқ екен. Өткен күндерім есіме түссе, анамның әруағына тағзым етіп, перзенттік тілеуімді тілеп жатам. Менің ғылымнан қол үзбегенім-анамның арқасы.

- Өмірде өкінетін сәттеріңіз болды ма?

- Өкінетіндей өмір сүрдім десем, өтірік болар. Ғылымның жолына шын беріліп кеткен адамға сол ғылым жақын, өмірінің бөлшектенбес дүниесі болады. Қасында болар аналары жоқ бала-шағамның есікке елендеген елік тағдырлары мен жұмысқа кеткеннен келгенше күтіп отырушы еді. Ғылым жолына түсем деп, кейде соларға көбірек уақыт бөле алмадым-ау деп ойлаймын. Бірақ олар менің тірлігім арқылы өздерін асырайтын бір адам керек екенін түсінген секілді.

Ғылымның өзіме тән шыңына шықтым десем де, түрлі себептермен кейбір объектілерімді толық зерттей алмадым. Бұл да өзекті өртер дүние болып қалды. Тағы бір өкінер тұсым менің адам болуыма, ғалым болуыма септігін тигізген ұстаздарымыз тірі кезінде қадірін біле алмадым. Оларға кезінде шәкірттік парызымды өтей алмадым. Соның орнын толтыру мақсатында қазір олар туралы кітап шығарғаным, әлі де шығаруды қолға алып жатқаным анық.

- Қазіргі дінге көзқарасыңыз, берер бағаныз қандай?

- Дін-ілім. Жер бетіндегі барлық діннің бір ғана мақсаты бар. Адамның дұрыс өмір сүруіне жол, бағыт беру. Бір ғана айтар тілегім, дін тек соқыр сенімнен тумай, адам түсінігіне лайықты, дәлелі бар, ғылымға жақындау болса. Соқыр сеніммен алысқа бара алмасымыз анық.

Жер бетіне түскен классикалық діннің бірі-ислам. Бұл дін де қазір өз ішінде бірнеше ағымдарға бөлініп, ел берекесін алып жатқаны анық. Бұл да алаңдатпай қоймайды. Қайткен күнде де дінге деген көзқарас арқылы ел бірлігі шашырамаса дейсін.

- Өмірге қайта келсеңіз ғылым жолын тандар ма едіңіз?

- Иә, тағы да ғылымды тандар едім. Өйткені ғылым-мәңгілік ізденіс, мәңгілік жасампаздық. Жастарға жол көрсету менің алға қойған мақсатым болды.

- Бүгінгі жас ұрпаққа қандай өсиет айтар едіңіз?

- Айтар өсиетім: «Елінді сүй, жерінді бағала, білімге ұмтыл, ұлық болған сайын кішік бол, адамдықты, адалдықты жоғалтпа».

- Бүкпесіз, ағыңыздан жарылып, әдемі сыр айттыңыз. Алла сіздің жүзге келгеніңіздің куәсі болуға бізге нәсіп етсін. Амандығыңызды тілеймін, ғалым аға.

Сырласқан
СИҚЫМБЕКТІҢ Алтынбайы.

БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ



ҚҰТҚАРУШЫЛАР
ҚҰРМЕТТЕЛДІ

Мемлекет басшысы бейбіт күннің батырларына шынайы ризашылығын білдіріп, азаматтық қорғау саласының еліміз үшін стратегиялық маңызы ерекше екенін атап өткен болатын.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев құтқарушыларды кәсіби мерекесімен құттықтау сөзінде « – Конституциямыздың алғашқы бабында «Адам және адамның өмірі – мемлекеттің ең қымбат қазынасы» екені анық көрсетілген. Азаматтық қорғау саласының әр қызметкері ел

қауіпсіздігі және азаматтарымыздың амандығы үшін қажырлы еңбек етуде. Шын мәнінде, құтқарушы болу – кез келген төтенше жағдайға дайын тұру, ешқандай қауіп-қатерге қарамастан адам өміріне араша түсу деген сөз. Бұл – әрине, өте абыройлы іс, жауапты қызмет. Халқымыз өздерінің сияқты батыл, ержүрек және ең бастысы, нағыз отаншыл азаматтарды әрдайым мақтан тұтады. Сіздердің адал қызметтеріңіз – өскелең ұрпақ үшін өте жақсы үлгі-өнеге, – деді.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдық мерейтойы аясында Райымбек ауданының әкімі Құдабаев Дастан Сұлтанмұратұлы ауданның төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлерін арнайы құттықтады. Өз ісіне адал, ел қауіпсіздігін қорғап, адам өмірін құтқару жолында күн сайын өз бастарын қатерге тігетін құтқарушылар – қоғамның нағыз батырлары екені даусыз. Салтанатты шара барысында бірқатар қызметкерлердің еңбегі еленіп, марапаттау рәсімі өткізілді. Сондай-ақ «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында Шалқоде ауылдық округіне жаңа өрт сөндіру автоцистернасының кілті табысталды.

Аудан әкімі өз сөзінде: «Құтқарушы – ерлік пен батылдықтың символы. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен тәуекелге толы қызметтеріңіз ел қауіпсіздігі мен азаматтардың амандығы үшін аса маңызды», – деп, алғысын білдірді.

Бұл іс-шара аудан көлемінде төтенше жағдайлардың алдын алу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстардың одан әрі жандануына өз септігін тигізеді.

Өз тілшіміз.
Райымбек ауданы

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Туберкулез сырқаттанушылығы бойынша эпидемиологиялық ахуал

Туберкулез – адамзат тарихындағы ең көне әрі кең таралған жұқпалы аурулардың бірі. Аурудың қоздырғышы — *Mycobacterium tuberculosis* бактериясы, ол көбіне өкпені зақымдайды, бірақ басқа мүшелерге де әсер етуі мүмкін. Туберкулез ауа арқылы жұғады, яғни науқас жөтелгенде, түшкіргенде немесе сөйлескенде айналаға микробтар таратады.



Қазіргі таңда туберкулезге қарсы күрес – денсаулық сақтау саласының басты бағыттарының бірі болып табылады. Қонаев қаласы бойынша туберкулез сырқаттанушылығының эпидемиологиялық ахуалы тұрақты деңгейде. Биылғы жылдың 9 айының қорытындысы бойынша туберкулезбен сырқаттанушылық өткен жылдың

сәйкес кезеңімен салыстырғанда өзгерістер байқалды. Яғни өсімі болды.

Ересектер арасында аурушандық басым, алайда балалар мен жасөспірімдер арасында да жеке жағдайлар тіркеліп отыр.

Эпидемиологиялық талдау көрсеткендей, туберкулездің таралуына әлеуметтік жағдайлардың төмендігі, дұрыс тамақтанбау, иммунитеттің әлсіреуі және профилактикалық тексерулерден уақытылы өтпеу себеп болып отыр. Осыған байланысты халық арасында санитариялық-ағарту және ақпараттық жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде.

Аурудың алдын алудағы ең тиімді шаралардың бірі – флюорографиялық тексеруден жылына бір рет өту. Сонымен қатар балаларға БЦЖ вакцинасы егіледі, ол туберкулездің ауыр түрлерінен қорғайды. Әр азамат өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, ұзаққа созылған жөтел, дене қызуының көтерілуі, тәбеттің төмендеуі, арықтау сияқты белгілер байқалса, уақытылы дәрігерге жүгінуі қажет.

Дәрігерлердің айтуынша, туберкулез – емделетін ауру. Ең бастысы – ерте анықтау және емді толық аяқтау. Уақтылы ем қабылдаған науқас толық сауығып кетеді және басқаларға қауіп төндірмейді.

Қоғам болып бірлесе әрекет еткенде ғана туберкулезге қарсы күресте жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Әр азамат өз денсаулығын қорғап, алдын алу шараларын сақтауға міндетті.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»

ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ПОКОЛЕНИЙ

В Алатау прошёл турнир памяти ветерана футбола
Инсамова Ярмухамеда Розахуноглы

Накануне Дня Республики, на центральном стадионе микрорайона Жетыген города Алатау состоялось большое спортивное мероприятие - футбольный турнир, посвящённый памяти одного из основателей футбольного клуба «АРЗУ», большого любителя футбола, народного тренера и пламенного болельщика Инсамова Ярмухамеда Розахуноглы.



Инициаторами и организаторами турнира выступили его ученики - Хамидов Махмуд, Оразбаев Медет, Садиров Узеир и группа единомышленников, продолжающих традиции своего наставника.

Открыл мероприятие ветеран футбольного движения, один из основателей клуба и представитель Республиканского общественного объединения уйгуров (РООУ) по городу Алатау Зунунов Азат Турсунович. В своём выступлении он подчеркнул значение футбола в жизни жителей Жетыгена, ныне города

Алатау, роль клуба «АРЗУ» в развитии спорта на местах и большой вклад, который внёс Инсамов Ярмухамед Розахуноглы, ставший примером самоотверженности и любви к игре.

Среди всех любителей футбола и жителей села Жетыген он был известен под добрым и тёплым именем - Дядя Яша. Именно так его помнят и по сей день - как человека с открытым сердцем, который посвятил себя воспитанию молодого поколения и развитию футбола в родном крае.



Особо стоит отметить нынешнего спонсора молодёжной команды «АРЗУ» – компанию ТОО «ANTARES ENGINEERING», кото-

пионатах города и области, продолжая славные традиции своих предшественников.

Турнир прошёл в тёплой и дружеской атмосфере, став символом преемственности поколений и любви к футболу, объединяющей жителей Жетыгена.

По итогам напряжённых матчей первое место заняла действующая команда «АРЗУ», представляющая микрорайон на городском и областном уровне. Все победители, номинанты по категориям и ветераны были награждены кубками, медалями, грамотами и памятными сувенирами.

Риза САУРБАЕВА,
председатель Совета общественности города Алатау